

**«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС  
ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ**



**ЕРЕЖЕ**

**КӘСІБИ ІС-ТӘЖІРИБЕНІ ҰЙЫМДАСТЫРУ, ӨТКІЗУ ЖӘНЕ  
ІС-ТӘЖІРИБЕ ӨТКІЗУ БАЗАСЫ РЕТІНДЕ  
МЕКЕМЕЛЕРДІ АНЫҚТАУ ЕРЕЖЕСІ**


**ШҚУ Е 010-22**

**Екінші басылым**

Көшірме № \_\_\_\_\_  
Енгізу күні \_\_\_\_\_


Өскемен қ.  
2022 ж.

**2022 жылғы 14 маусым №08**

	<b>«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан университеті» КЕ АҚ</b>		<b>Бірінші тексеру мерзімі 2025 г.</b>
	<b>Кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру, өткізу және іс-тәжірибе өткізу базасы ретінде мекемелерді анықтау ережесі</b>	<b>ШҚУ Е 010-22</b>	<b>49 беттің 2-сі</b>

## Мазмұны

1	Қолдану саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Терминдер мен анықтамалар	3
4	Белгілеулер мен қысқартулар	4
5	Жалпы ережелер	4
6	Кәсіби іс-тәжірибе бағдарламасы. Іс-тәжірибе түрлері	6
7	Кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру	11
8	Кәсіби іс-тәжірибені жоспарлау	13
9	Іс-тәжірибе өтушілерге қойылатын талаптар	15
10	Іс-тәжірибені басқару және бақылау	17
11	Кәсіби іс-тәжірибесін қорытындылау және нәтижелерді өңдеу	18
12	Кәсіби іс-тәжірибе базасын айқындау және практиканттарды бөлу тәртібі	21
13	Өзгерістер	22
14	Келісу, сақтау және тарату	22
	Қосымша 1 Іс-тәжірибе бағдарламасының формасы	25
	Қосымша 2 Іс-тәжірибенің базалық келісім шарт формасы	29
	Қосымша 3 Іс-тәжірибенің жеке келісім шарт формасы	33
	Қосымша 4 Іс-тәжірибені өткізудің күнтізбелік кестесінің нысаны	35
	Қосымша 5 Білім алушыларды іс-тәжірибеге жіберу туралы бұйрықтың формасы	36
	Қосымша 6 Мекеме хатының формасы	37
	Қосымша 7 Іс-тәжірибеге жолдаудың формасы	39
	Қосымша 8 Бекіту және қорытынды конференцияны өткізу кестесінің формасы	40
	Қосымша 9 Іс-тәжірибе бойынша жеке күнделік-есеп формасы	41
	Қосымша 10 Іс-тәжірибе бойынша бекіту және қорытынды конференцияның хаттамаларының формасы	44
	Қосымша 11 Іс-тәжірибені ұйымдастыру және өткізу қорытындылары туралы есеп формасы	46

	<b>«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан университеті» КЕ АҚ</b>		<b>Бірінші тексеру мерзімі 2025 г.</b>
	<b>Кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру, өткізу және іс-тәжірибе өткізу базасы ретінде мекемелерді анықтау ережесі</b>	<b>ШҚУ Е 010-22</b>	<b>49 беттің 3-сі</b>

## **1 Қолдану саласы**

1.1 Бұл ереже «Кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру, өткізу және іс-тәжірибе өткізу базасы ретінде мекемелерді анықтау ережесі» (бұдан әрі - Ереже) «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ (бұдан әрі- Университет) барлық оқу мерзімі бойы білім алушылардың кәсіби іс-тәжірибесін ұйымдастыру және өткізу бойынша ұйымдастыру және оқу-әдістемелік қызметін, кәсіби іс-тәжірибенің түрлерін, іс-тәжірибе бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және сақтау тәртібін, есеп нысандарын, кәсіби іс-тәжірибе өткізуді ұйымдастыратын тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін анықтайды.

1.2 Бұл Ереженің мақсаты кәсіби іс-тәжірибенің барлық түрлерін ұйымдастыру және басқарудың негізгі рәсімдерін жүйелеу және реттеу болып табылады.

1.3 Бұл Ереже білім беру бағдарламалары бойынша (педагогикалық білім беру бағдарламаларың есептемегенде) білім беру процесін іске асыруды қамтамасыз ететін университеттің барлық кафедралары мен басқа да құрылымдық бөлімшелерімен қолданылады.

## **2 Нормативтік сілтемелер**

Бұл ереже келесі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жасалынған:

2.1 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы. 01.01.2022 ж. редакциясында;

2.2 «Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 «Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік білім беру стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы;

2.3 «Білім берудің кредиттік технологиясы бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы;


2.4 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»;

2.5 Сәрсен Аманжолов атындағы ШҚУ Академиялық саясаты (30 желтоқсан 2011 ж. С. Аманжолов ат. ШҚУ Ғылыми Кеңесінің отырысында бекітілді, хаттама №6).

## **3 Терминдер мен анықтаулар**

Жиі қолданылатын терминдер:

3.1 Кәсіби іс-тәжірибе базасы - білім алушылар іс-тәжірибеден өтетін мекеме, ұйым немесе университет бөлімшесі (кафедра мен университеттің

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Бірінші тексеру мерзімі 2025 г.
	Кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру, өткізу және іс-тәжірибе өткізу базасы ретінде мекемелерді анықтау ережесі	ШҚУ Е 010-22	49 беттің 4-сі

оқу, әдістемелік зертханалары және т. б.);

3.2 Кәсіби іс-тәжірибе - білім алушылардың оқу үрдісінде алынған теориялық білімдерді бекітуге, практикалық дағдыларды және құзыреттіліктерін игеруге бағытталған оқу үрдісінің бөлігі;

3.3 Кәсіби іс-тәжірибе бағдарламасы (іс-тәжірибе бағдарламасы) - білім алушылардың шынайы жағдайда оқыту мазмұнын анықтайтын нормативтік-әдістемелік құжат. Бағдарламада іс-тәжірибенің мақсаты мен міндеттері айқындалады, қалыптасқан кәсіби білімдердің тізімі, құзыреті мен дағдылары, оқу нәтижелері анықталады, тапсырмалардың түрлері мен мазмұны тағайындалады, іс-тәжірибені дайындауға және өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулықтар ұсынылады;

3.4 Күнделік-есеп - орындау күні мен орнын көрсете отырып, іс-тәжірибе базасында білім алушының жұмыс түрлерін орындау реттілігін, сондай-ақ, іс-тәжірибе барысында жиналған, талданған және жүйеленген материалды қамтитын жазба нысаны;

3.5 Іс-тәжірибе бойынша күнделік-есепті қорғау - іс-тәжірибе өту барысында алған теориялық және практикалық білімдері мен дағдыларын растайтын білім алушының кәсіби іс-тәжірибе бойынша күнделік-есептің мазмұның қорғауы;

3.6 Іс-тәжірибе жетекшісінің есебі - іс-тәжірибе кезіндегі академиялық топ білім алушыларының қызметі туралы есеп.

#### **4 Белгілеулер мен қысқартулар**

ШҚУ Е – Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің Ережесі;

УАК – университеттің академиялық кеңесі;

ЖМ – Жоғары мектеп;

БББ – білім беру бағдарламасы;

ПОҚ – профессорлық-оқытушылық құрам;

СІҚЕЖБӨ - сапаны Ішкі қамтамасыз ету жүйесі жөніндегі басшылықтың өкілі;

СІҚЖ – сапаны Ішкі қамтамасыз ету жүйесі;


ДМШ – денсаулық мүмкіндіктері шектеулі;

СХЫАБ - стратегия, халықаралық ынтымақтастық және аккредиттеу бөлімі;

ҚҚББ-Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі.

#### **5 Жалпы Ереже**

5.1 Кәсіби іс-тәжірибе білім беру бағдарламасының (бұдан әрі - БББ)

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Бірінші тексеру мерзімі 2025 г.
	Кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру, өткізу және іс-тәжірибе өткізу базасы ретінде мекемелерді анықтау ережесі	ШҚУ Е 010-22	49 беттің 5-сі

міндетті компоненті болып табылады және теориялық оқыту нәтижелерін бекітуге, практикалық дағдылар мен құзыреттерді алуға, сондай-ақ инновациялық технологияларды игеруге бағытталған оқу процесін ұйымдастыру нысандарының бірі болып табылады.

5.2 Білім алушылардың кәсіби іс-тәжірибеден өтуі университетте оқу процесін ұйымдастыру кезінде міндетті талап болып табылады, өйткені ол білім алушылардың теориялық оқыту процесінде алған білімдерін тереңдетуге, олардың жалпы кәсіптік және кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

5.3 Іс-тәжірибе БББ тиісті модульдеріне қосылады. Бұл ретте кәсіби іс-тәжірибенің әрбір түрі тиісті модульдерге жатады.

5.4 Кәсіби іс-тәжірибе бөлінеді:

- оқу;
- өндірістік;
- диплом алды.

5.5 Кәсіби іс-тәжірибенің түрлері, мерзімдері, көлемі мен мазмұны білім беру бағдарламасымен және іс-тәжірибе бағдарламасымен айқындалады.

5.6 Білім алушылардың кәсіби іс-тәжірибесі тиісті кафедраға бекітіледі.

5.7 Диплом алдындағы іс-тәжірибе жеке оқу жоспарына сәйкес дипломдық жұмысты (жобаны) орындайтын барлық БББ білім алушылары үшін жүргізіледі.

Диплом алдындағы іс-тәжірибе дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісімен жүзеге асырылады. Дипломдық жұмыстың жетекшісі іс-тәжірибе бойынша оқу-әдістемелік және ілеспе құжаттаманы қалыптастырады.


Диплом алдындағы іс-тәжірибенің ұзақтығы мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа сәйкес диплом жұмысын (жобасын) жазуға бөлінген кредиттер санымен айқындалады.

5.8 Оқыту нәтижелеріне қол жеткізу және кәсіби құзыреттерді қалыптастыру мақсатында іс-тәжірибе бағдарламасы әзірленеді. Кәсіби іс-тәжірибенің әр түрінің оқыту нәтижелері мен кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған мақсаты, міндеттері, әдістемесі мен тәртібі бар.

5.9 Оқу-әдістемелік құжаттаманың түрлері және іс-тәжірибе түрлері бойынша ұйымдастыру жұмысы осы Ережемен бекітіледі.

5.10 Кәсіби іс-тәжірибеге сапалы жетекшілікті жүзеге асыру үшін білікті кадрлары және қазіргі замануи оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық базасы бар кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар кәсіби іс-тәжірибе базалары болып табылады. Кәсіби іс-тәжірибені университеттің құрылымдық бөлімшелері базасында, болашақ кәсіби қызмет объектілеріне, оқу-далалық стационарларға экскурсиялармен өткізуге жол беріледі.

5.11 Кәсіби іс-тәжірибені өткізу үшін университет шарттық негізде мекемелерді (ұйымдарды) іс-тәжірибе базалары ретінде айқындайды,

	<b>«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан университеті» КЕ АҚ</b>		<b>Бірінші тексеру мерзімі 2025 г.</b>
	<b>Кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру, өткізу және іс-тәжірибе өткізу базасы ретінде мекемелерді анықтау ережесі</b>	<b>ШҚУ Е 010-22</b>	<b>49 беттің 6-сі</b>

олармен келісілген бағдарламаны және іс-тәжірибеден өтудің күнтізбелік мерзімдерін бекітеді. Іс-тәжірибеге арналған шарттарда іс-тәжірибе базасы болып табылатын мекемелердің (ұйымдардың), университеттің және білім алушылардың міндеттері мен жауапкершілігі айқындалады.

5.12 Оқу процесін ұйымдастыру кезінде іс-тәжірибені оқытудың академиялық кезеңінен бөлек, академиялық кезеңмен қатар жүргізу қарастырылады.

## **6 Кәсіби іс-тәжірибе бағдарламасы. Іс-тәжірибе түрлері.**

6.1 БББ талаптарына және профиліне сәйкес, іс-тәжірибе ұйымдастыру үшін кәсіби іс-тәжірибе бағдарламасы әзірленеді (бұдан әрі - іс-тәжірибе бағдарламасы).

6.1.1 Іс-тәжірибе бағдарламасы - кәсіби іс-тәжірибе қызметінің білім алушылардың шынайы жағдайда оқыту мазмұнын анықтайтын нормативтік-әдістемелік құжат. Бағдарламада іс-тәжірибенің мақсаты мен міндеттері айқындалады, қалыптасқан кәсіби білімдердің тізімі, құзыреті мен дағдылары, оқу нәтижелері анықталады, тапсырмалардың түрлері мен мазмұны тағайындалады.

Іс-тәжірибе бағдарламасының мақсаты - тікелей іс-тәжірибеден өту орындарында білім алушылардың кәсіби-практикалық даярлық процесін басқару.

Іс-тәжірибе бағдарламасы білім алушыларда кәсіби маңызды дағдыларды, құзыреттіліктерді қалыптастыруға және дамытуға бағытталған.

6.1.2 Іс-тәжірибе бағдарламасы БББ сәйкес университет кафедраларының профессор – оқытушылар құрамы (бұдан әрі-ПОҚ) барлық БББ бойынша ғылым мен білімнің қазіргі заманғы жетістіктерін, стейкхолдерлердің қажеттіліктері мен ұсынымдарын, мекеменің (ұйымның) іс-тәжірибе базасы ретіндегі мүмкіндіктерін ескере отырып әзірленеді.


6.1.3 БББ талаптары мен бейініне сәйкес іс-тәжірибенің ұйымдастыру үшін бітіруші кафедралар кәсіби іс-тәжірибе бойынша өтпелі бағдарлама әзірлейді (Қосымша 1).

Іс-тәжірибе бағдарламасы іс-тәжірибенің әр түрінің мақсатын, міндеттері мен мазмұнын ретпен бөле отырып жасалады: оқу, өндірістік, диплом алдындағы.

6.1.4 Іс-тәжірибе бағдарламасы кафедралардың отырыстарында қаралады және БББ бейініне сәйкес келетін іс-тәжірибе базаларымен келісіледі, Жоғары мектептердің кеңестерінде қаралады және университеттің академиялық кеңесінің отырысында бекітіледі.

6.1.5 Іс-тәжірибе бағдарламасын жетекшілік ететін проректор – УАК төрағасы бекітеді.

6.1.6 Іс-тәжірибе бағдарламасын әзірлеуші болып табылатын кафедра

	<b>«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан университеті» КЕ АҚ</b>		<b>Бірінші тексеру мерзімі 2025 г.</b>
	<b>Кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру, өткізу және іс-тәжірибе өткізу базасы ретінде мекемелерді анықтау ережесі</b>	<b>ШҚУ Е 010-22</b>	<b>49 беттің 7-сі</b>

осы Ереженің талаптарына сәйкес оны әзірлеуге, болуы мен мазмұнының сапасына жауапты болады.

6.1.7 Іс-тәжірибе бағдарламалары олардың өзектілігі тұрғысынан жыл сайын қайта қаралуға және жоғарыда көрсетілген рәсімге сәйкес бекітілуге жатады. Іс-тәжірибе бағдарламасы егер оны жаңарту үшін негіз болмаса, бірақ 3 жылдан аспайтын мерзімде, қайталап мақұлданбай қолданыста болады.

6.2 кәсіби іс-тәжірибе бағдарламасының мазмұнына қойылатын жалпы талаптар:

6.2.1 **Оқу іс-тәжірибесі** барлық білім алушылар үшін 1 курста өткізіледі. Оқу іс-тәжірибесі білім беру ұйымы бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын университеттің бітіруші кафедрасына бекітіледі. Оқу іс-тәжірибе бағдарламасы БББ талаптарына сәйкес әзірленеді.

Нақты пәндік саласының ерекшелігіне және болашақ маманның кәсіби құзіреттілігіне байланысты оқу іс-тәжірибенің танысу, далалық, археологиялық, есептеу және басқа түрлері ажыратылады.

Оқу іс-тәжірибесі болашақ мамандықтың орны мен мазмұнын түсінуге бағытталуы тиіс.

Білім алушылардың оқу іс-тәжірибесінің мақсаты жалпы мәдени және алғашқы кәсіби құзыреттіліктерді дамыту болып табылады, оның ішінде оқу процесінде алынған теориялық білімді бекіту және тереңдету, зерттеу қызметінің алғашқы дағдыларын алу, тәжірибелік іскерліктер мен жұмыс дағдыларын меңгеру және оларды БББ сәйкес жетілдіру.

БББ бойынша білім алушылардың оқу іс-тәжірибесінен өту қорытындысы бойынша **оқыту нәтижелері**:

- кәсіби міндеттерді орындау кезінде БББ ерекшеліктерін ескере отырып, іс-тәжірибе базасы-мекемелер, ұйымдар, кәсіпорындар қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық құжаттардың түрлерін, құрылымы мен мазмұнын білу мен түсінуді қолдану;

- болашақ мамандық объектісі ретінде мекеменің, ұйымның, кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанын, құрылымын, басқару жүйесін білу;


- іс-тәжірибе шеңберінде қойылған міндеттерді орындау кезінде болашақ кәсіби қызметтің түрлері, функциялары мен міндеттері туралы тұтас көзқарасты қолдану;

- есептік құжаттамада қызмет процесін зерделеу және талдау нәтижелерін көрсету;

- білім беру нәтижелерін ұсыну үшін ІТ және АКТ-ны өз бетінше қолдану;

- кәсіби ұжыммен жағымды тұлғааралық қарым-қатынас орнату.

6.2.2 Тілдік іс-тәжірибе арнайы тілдік дайындықты талап ететін БББ білім алушылары үшін 1-3 оқу курстарында өткізіледі. Тәжірибе мекеме,

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Бірінші тексеру мерзімі 2025 г.
	Кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру, өткізу және іс-тәжірибе өткізу базасы ретінде мекемелерді анықтау ережесі	ШҚУ Е 010-22	49 беттің 8-сі

кәсіпорын немесе ұйым негізінде, кейбір жағдайларда университеттің тиісті құрылымдық бөлімшелерінде болашақ кәсіби қызметтің объектілері болып табылатын ұйымдарына танысу экскурсияларымен ұйымдастырылады.

Тілдік іс-тәжірибе мақсаты білім алушыларда ауызша және жазбаша аударма дағдыларын, сондай-ақ іскерлік және кәсіби қарым-қатынас дағдыларын, оның ішінде оқытылатын тілдердің тасымалдаушыларымен қалыптастыру болып табылады.

БББ білім алушыларының тілдік іс-тәжірибеден өту қорытындылары бойынша оқыту нәтижелері:

- сөздіктерді, анықтамалықтарды, деректер банктерін және басқа да ақпарат көздерін кәсіби түрде пайдалану;

- оқытылатын тілдің құрылымдық лингвистикалық компоненттерімен жұмыс атқару;

- ауызша және жазбаша аударма теориясы мен практикасын білу негізінде аударма қызметін жүзеге асыру;

- алған білімдерін жаңа коммуникативтік жағдайлар аясында қолдану;

- аударма құрылымдарының заңдылықтары мен ерекшеліктерін қазіргі аударматану тұрғысынан талдау;

- жазбаша байланыс өнімі - мәтінді құрылымдау;

- лексиканы қолданудың ситуациялық ерекшеліктерін талдау, оны жүзеге асырудың оңтайлы құралдарын табу;

- өзінің оқу-аударма қызметін талдау және бағалау;

- арнайы лексиканы аудару дағдыларын көрсету;

- білім беру нәтижелеріне қол жеткізу және жеке сандық білім беру ресурстарын құру үшін ІТ және АКТ-ны өз бетінше қолдану;

Тілдік іс-тәжірибе тілдерді меңгеретін кадрлар даярлауды жүзеге асыратын БББ-да білім алушылар үшін жүргізіледі, сондай-ақ көптілді білім беру БББ-ға енгізілуі мүмкін.

Тілдік іс-тәжірибе осы БББ бойынша мамандар даярлауды жүзеге асыратын кафедраларына тағайындалады.

Тілдік іс-тәжірибе бағдарламасы тілдерді оқыту мен игерудің деңгейлік моделінің талаптарын және көптілді білім беру қағидаттарын ескеруі тиіс.


6.2.3 Өндірістік іс-тәжірибе университеттің барлық білім беру бағдарламаларының 2-4 курстарында (педагогикалық БББ қоспағанда) жүргізіледі.

Өндірістік іс-тәжірибенің мақсаты - кәсіби құзіреттіліктерді бекіту, студенттердің тәжірибелік дағдылары мен кәсіби қызмет тәжірибесін игеру.

Білім алушылардың өндірістік іс-тәжірибе өту қорытындылары бойынша **оқыту нәтижелері:**

- кәсіби міндеттерді орындау кезінде іс-тәжірибе базасының - мекемелердің, ұйымдардың, кәсіпорындардың қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттардың өзекті түрлерін қолдану;



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Бірінші тексеру мерзімі 2025 г.
	Кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру, өткізу және іс-тәжірибе өткізу базасы ретінде мекемелерді анықтау ережесі	ШҚУ Е 010-22	49 беттің 9-сі

- кәсіби міндеттерді шешу үшін заманауи әдістерді, тәсілдерді және инновациялық технологияларды қолдану;
- кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің қызметін талдау және сандық технологиялар арқылы нәтижелерді ұсыну;
- нормативтік құжаттамаға сәйкес іскерлік хат-хабар қозғалысын қалыптастыру және іс қағаздарын жүргізу;
- мекемеде, кәсіпорында, ұйымда функционалдық міндеттерді жоспарлау және жүзеге асыру;
- өзінің ұйымдастырушылық, коммуникациялық, белсенділік қабілеттерін және кәсіби маңызды қасиеттерін бағалау;
- тәжірибелік тапсырмаларды орындауда озық тәжірибені жүйелеу, жалпылау және қолдану;
- командалық жұмыс дағдыларын, корпоративтік басқару принциптерінің құзыреттерін көрсету;
- өз қызметін өз бетінше жоспарлау, әріптестерімен пайдалы байланыстар орнату, рөлдік кәсіби ұстанымды анықтау, жауапкершілік сезімін қалыптастыру;
- қоғамның, ел экономикасының талаптарын ескере отырып, қазіргі заманғы міндеттерді шешуге бағытталған даму стратегиясын әзірлеу және өндірістік процесті жобалау;
- мекеменің, ұйымның және кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің тиімді қызметінің моделін құру;
- мекеменің, ұйымның және кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері қызметінің нәтижелерін болжау;
- лауазымдық және функционалдық міндеттер шеңберінде маман/менеджер/көмекші ретінде қызметті жүзеге асыру;
- білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін, оның ішінде өзінің цифрлық білім беру ресурстарын құру үшін ІТ, смарт және стем-технологияларды, АКТ-ны өз бетінше қолдану.


Өндірістік іс-тәжірибе оның мазмұнына байланысты арнайы бөлімге немесе теориялық оқытуды жүргізетін бөлімге тағайындалады, оның нәтижелері өндірістік іс-тәжірибенің осы түрінің объектілері болып табылады.

Өндірістік іс-тәжірибе бағдарламасы ББ талаптарына сәйкес жасалады және студенттердің кәсіби маңызды дағдыларын дамытуға және кәсіби стандарттардың талаптарына сәйкес арнайы құзіреттіліктерді қалыптастыруға бағытталуы керек.

6.2.4 Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау және жазу үшін білім беру бағдарламасында диплом алдындағы іс-тәжірибе көзделеді.

Диплом алдындағы іс-тәжірибенің мазмұны дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбымен анықталады.

Диплом алды іс-тәжірибенің мақсаты дипломдық жұмысты (жобаны)

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Бірінші тексеру мерзімі 2025 г.
	Кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру, өткізу және іс-тәжірибе өткізу базасы ретінде мекемелерді анықтау ережесі	ШҚУ Е 010-22	49 беттің 10-сі

жазуды аяқтау болып табылады.

Дипломалды іс-тәжірибе өту қорытындысы бойынша **оқыту нәтижелері:**


- оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру бойынша іс-шаралар жүйесін талдау, әзірлеу және негіздеу дағдыларын меңгеру;
- дипломдық жұмыс (жоба) тақырыбы бойынша практикалық материалдарды жалпылау дағдыларын меңгеру;
- зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша қорытынды жасау;
- дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы бойынша мақсаттар мен міндеттер контекстінде ұсыныстар әзірлеу;
- электронды, ақпараттық және сандық білім беру ресурстарын қолдану арқылы зерттеу нәтижелерін өңдеу мен ұсынудың заманауи әдістері мен инновациялық тәсілдерін қолдану;
- қорғалатын ережелер бойынша модельдер, графикалық интерпретациялар құру;
- зерттеу жұмысының тәжірибелік расталған нәтижелерін көрсету.

Диплом алдындағы тәжірибенің қорытындысы арнайы кафедра ұйымдастыратын дипломдық жұмысты (жобаны) алдын ала қорғауда шығарылады.

Дипломдық жұмысты (жобаны) алдын ала қорғау кафедра отырысында өткізіледі және хаттамамен рәсімделеді.

6.3 Іс-тәжірибе бағдарламасы келесі құрылымдық элементтерден тұрады:

- титулдық бет және титулдық парақтың артқы жағы (1-қосымша);
- түсіндірме жазба: БББ құрылымындағы іс-тәжірибенің орны, мақсаттары мен міндеттері, іс-тәжірибені өткізу нысаны (кәсіпорында стационарлық, далалық, археологиялық, және т. б.), іс-тәжірибені өту қорытындылары бойынша оқыту нәтижелері, іс-тәжірибені өткізу базасы, іс-тәжірибенің еңбек көлемі;
- іс-тәжірибені өткізуді ұйымдастыру (жалпы талаптар, өткізу нысаны (нысандары), практиканттарға қойылатын талаптар, практиканттардың құқықтары мен міндеттері);
- іс-тәжірибенің мазмұны (құзыреттілік тәсілді ескере отырып, жұмыс түрлерінің мазмұны);
- іс-тәжірибе кезеңіне арналған жеке тапсырмалар (тапсырмалардың түрлері мен мазмұны, оның ішінде практиканттың дипломдық жұмысының және/немесе ғылыми-зерттеу, кәсіптік бағдарлау жұмысының тақырыбын ескере отырып әзірленген тапсырмалар);
- әдістемелік ұсынымдар- іс-тәжірибені оқу-әдістемелік сүйемелдеу (объектіні зерттеу әдістері мен тәсілдері, талдау схемалары және қызмет сипаттамалары және т. б.);
- Іс-тәжірибені қорытындылау (күнделік-есепті ресімдеуге және

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Бірінші тексеру мерзімі 2025 г.
	Кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру, өткізу және іс-тәжірибе өткізу базасы ретінде мекемелерді анықтау ережесі	ШҚУ Е 010-22	49 беттің 11-сі

қорғауға қойылатын талаптар, бағалау нысандары мен критерийлері және т. б.);

- ұсынылатын әдебиеттер (оқу және әдістемелік, интернет желісінің ресурстары);

- ақпараттық технологиялар, бағдарламалық қамтамасыз ету және т. б. тізбесі, оқу және ғылыми жабдықтар тізбесі (қажет болған жағдайда);

- қосымшалар: есептік құжаттама нысандары.

6.4 Кәсіби іс-тәжірибе бағдарламасы оқыту тілінде рәсімделеді.

## 7 Кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру

7.1 Іс-тәжірибені ұйымдастыру барлық кезеңдерде оқыту деңгейіне, оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптарға сәйкес, білім алушылардың кәсіптік құзыреттердің үздіксіздігін (1-4 курс) және меңгеруінің дәйектілігін қамтамасыз етуге бағытталған.

7.2 Іс-тәжірибені өткізу бойынша ұйымдастыру іс-шараларына жатады:

- тәжірибе базасын таңдау;

- келісім-шарт жасасу;

- іс-тәжірибе бағдарламасын әзірлеу және бекіту;

- іс-тәжірибеден өтудің күнтізбелік кестесін дайындау;

- білім алушыларды іс-тәжірибеден өту орындарына жіберу.


7.3 Университет БББ бейінін ескере отырып, кәсіби іс-тәжірибе базаларын қалыптастырады.

7.4 Кәсіби іс-тәжірибенің барлық түрлері жасалған келісім-шарт негізінде ұйымдастырылады. Келісім-шарттар іс-тәжірибе басталғанға дейін **1 айдан** кешіктірілмей жасалады (2, 3 - қосымша). Іс-тәжірибе базасымен келісім бойынша оқу жылына арналған шарттар ШҚУ Е Ф 010-22-02 (3-5 жылға екі жақты базалық), ШҚУ Е Ф 010-22-03 (іс-тәжірибе кезеңіне жеке қысқа мерзімді) нысаны бойынша жасалады.

Кафедра іс-тәжірибе өткізуге арналған базалық келісім-шарттың бір данасын оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру жөніндегі бөлімге іс-тәжірибе басталғанға дейін бір айдан кешіктірмей өткізеді. Жеке келісім-шарттар кафедраның тиісті ісінде сақталады.

Базалық шарт болған жағдайда, іс-тәжірибе басталғанға дейін кафедралармен оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөліміне тіркеу үшін келісім-шартқа қосымша – білім алушыларды келісім-шарттың талаптарымен, құқықтарымен және міндеттерімен таныстыру парағы (шартқа қосымша ШҚУ Е Ф 010-22-02) ұсынылады. Қалған жағдайларда кафедралар іс-тәжірибені өткізуге қысқа мерзімді жеке келісім-шарттар жасайды (3-қосымша).

Келісім-шарттар мен базалық келісім-шарттарға қосымшалардың уақтылы жасалуына және олардың тіркелуін қамтамасыз етуге кафедра

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Бірінші тексеру мерзімі 2025 г.
	Кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру, өткізу және іс-тәжірибе өткізу базасы ретінде мекемелерді анықтау ережесі	ШҚУ Е 010-22	49 беттің 12-сі

меңгерушілері тағайындаған іс-тәжірибе жетекшілері педагогикалық жүктемеге сәйкес жауапты болады.

Базалық келісім-шарттарды тіркеуді оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің кәсіби іс-тәжірибе жетекшісі жүргізеді. Кафедралар жеке келісім-шарттарды «Кәсіби іс-тәжірибе шарттарын тіркеу» журналында тіркейді.

Қашықтықтан оқыту кезінде төтенше жағдай/шектеу шаралары енгізілген жағдайда барлық тараптармен жеткізу қызметтерінің курьерлік қызметтерін пайдалана отырып, іс-тәжірибе өткізуге келісім-шарттар жасасу көзделеді. Іс-тәжірибенің жетекшілері (білім алушылар) жеке қауіпсіздік шарттарын және өңірдегі төтенше жағдай/шектеу шараларын сақтай отырып, іс-тәжірибені өткізуге шарт жасасудың өзге де нысандарын қолдана алады.

7.5 Кафедра жыл сайын білім алушылардың іс-тәжірибеден өту түрлерін, курстарын, оқыту нысандарын, мерзімдерін және іс-тәжірибе жетекшілерін көрсете отырып, күнтізбелік кестелерін әзірлейді (4-қосымша).

Кестелер кафедра отырысында талқыланады және академиялық оқу кезеңі басталғанға дейін Жоғары мектеп деканымен бекітіледі.

7.6 Кафедра алдағы оқу жылына іс-тәжірибе бағдарламасын әзірлейді және университеттің академиялық кеңесінің (бұдан әрі-УАК) отырысына **(ағымдағы жылдың маусым айы)** бекітуге ұсынады.


7.7 Білім алушыларды кәсіби іс-тәжірибенің барлық түрлеріне жіберу өту мерзімі, базасы мен кафедра тағайындаған іс-тәжірибе жетекшісі, білім алушыларды іс-тәжірибе қорытындысы бойынша қорғауға арналған комиссия құрамы көрсетіле отырып, басқарма төрағасы – ректордың бұйрығымен рәсімделеді.

7.8 Білім алушыларды кәсіби іс-тәжірибенің барлық түрлеріне жіберу туралы бұйрықты, тиісті кафедра, іс-тәжірибе басталғанға дейін шығарады (5-қосымша).

7.9 Кешкі (орта білім беру негізінде), қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып қысқартылған оқу мерзімі бойынша күндізгі оқу түрінің білім алушылары (оқуды аяқтағанға дейін оқыту) БББ бейіні бойынша жұмыс істеген жағдайда, іс-тәжірибе өтуден босатылады. Бұл ретте іс-тәжірибе басталғанға дейін олар университетке жұмыс орнынан анықтаманы және білім беру мекемесінің/ұйымының қолымен және мөрімен расталған олардың кәсіби қызметін көрсететін толық мінездемені ұсынады.

7.10 БББ бейіні бойынша жұмыс істемейтін күндізгі оқу тірінін, оқу мерзімдері қысқартылған білім алушылар (оқуды аяқтағанға дейін оқыту) белгіленген тәртіппен немесе жеке шарт бойынша (жұмыс орны бойынша) іс-тәжірибеге жіберіледі.

7.11 Университет кәсіпорындардан/ұйымдардан келіп түскен ұсыныстарды (білім алушы-практиканттарға арналған хаттар/өтінімдер) қарастырады (6-қосымша).

	<b>«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан университеті» КЕ АҚ</b>		<b>Бірінші тексеру мерзімі 2025 г.</b>
	<b>Кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру, өткізу және іс-тәжірибе өткізу базасы ретінде мекемелерді анықтау ережесі</b>	<b>ШҚУ Е 010-22</b>	<b>49 беттің 13-сі</b>

7.12 Іс-тәжірибеге шығар алдында білім алушыға белгіленген нысандағы жолдама беріледі. Жолдаманың бірінші бөлігі іс-тәжірибе базасынан іс-тәжірибе жетекшісінде қалады, екінші бөлігі кафедрада, іс-тәжірибе бойынша білім алушылардың есептік құжаттарында сақталады (7-қосымша).

7.13 Мүмкіндігі шектеулі студенттердің және мүгедек студенттердің іс-тәжірибеден өту орындарын таңдау кезінде олардың денсаулық жағдайы және білім алушыларына іс-тәжірибе базаларының қолжетімділігі ескеріледі.

7.14 Ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттер мен мүгедек студенттер үшін кәсіби іс-тәжірибе орындарын анықтау кезінде ұсынылған еңбек жағдайлары мен түрлеріне қатысты мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасында көрсетілген ұсынымдар ескерілуі тиіс.

## **8 Кәсіби іс-тәжірибені жоспарлау**

8.1 Іс-тәжірибе түрлерін жоспарлау Ереженің 5.4 тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

8.2 Білім алушылардың кәсіби іс-тәжірибесі тиісті шығарушы кафедраға бекітіледі.

8.3 Іс-тәжірибенің ұзақтылығы аптамен айқындалады, апта ішіндегі 30 сағатқа тең (5 күндік жұмыс аптасы кезінде күніне 6 сағат), іс-тәжірибедегі білім алушының нормативтік жұмыс уақытын негізге ала отырып.

8.4 Іс-тәжірибенің апталық ұзақтығы 1 кредит бойынша іс-тәжірибенің барлық түрлеріне: оқу тәжірибесіне 1 апта, өндірістік іс-тәжірибесіне 1 апта, диплом алдындағы іс-тәжірибесіне 1 апта.

8.5 Іс-тәжірибені жоспарлау келесі негізде жүзеге асырылады:

8.5.1 академиялық күнтізбе;

8.5.2 іс-тәжірибе бағдарламалары;

8.5.3 іс-тәжірибесін ұйымдастыру мен өткізуді жетілдіру бойынша университетте, жоғары мектепте қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді.

8.6 Академиялық күнтізбе негізінде жасалған кәсіби іс-тәжірибеден өту кестелері міндетті түрде білім алушылардың назарына:


8.6.1 университет сайтында академиялық күнтізбені орналастыру;

8.6.2 университеттің білім беру порталында және шығарушы кафедраның ақпараттық стендінде орналастыру;

8.6.3 академиялық топтардың эдвайзерлері, іс-тәжірибе жетекшілері арқылы іс-тәжірибе кестесімен таныстыру арқылы жеткізіледі.

8.7 Университетте іс-тәжірибені ұйымдастыру және өткізу мәселелерін жалпы үйлестіруді оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі және кәсіби іс-тәжірибенің жетекшісі жүзеге асырады.

8.8 Іс-тәжірибені ұйымдастыру және өткізу сапасы, оқу-әдістемелік және есептік құжаттама пакетін уақытылы қалыптастыру үшін жауапкершілік

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Бірінші тексеру мерзімі 2025 г.
	Кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру, өткізу және іс-тәжірибе өткізу базасы ретінде мекемелерді анықтау ережесі	ШҚУ Е 010-22	49 беттің 14-сі

педагогикалық жүктемеге сәйкес, университеттің кафедра меңгерушілері тағайындаған іс-тәжірибе жетекшілеріне, сондай-ақ, жасалған келісім-шарттың талаптарына сәйкес кәсіпорын (іс-тәжірибе базаларының) іс-тәжірибе жетекшілеріне жүктеледі.

8.9 Кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастырудың бақылау мерзімдерінің сақталуына, осы Ережеде белгіленген оқу-әдістемелік және есептік құжаттаманың болуына кафедра меңгерушілері жауапты болады.

8.10 Білім алушылардың іс-тәжірибесін жоспарлауды тиісті кафедра келесі ретпен жүзеге асырады:

8.10.1 алдағы оқу жылы басталғанға дейін тиісті талаптарға сәйкес келетін профессорлар, доценттер және тәжірибелі оқытушылар қатарынан кафедра меңгерушілерінің іс-тәжірибе жетекшілерін тағайындауы;

8.10.2 алдағы оқу жылына арналған іс-тәжірибе жетекшілерінің іс-тәжірибе бағдарламасын әзірлеу, келісу және бекіту;

8.10.3 оқу жылы басталғанға дейін білім алушылар үшін әдістемелік нұсқаулар әзірлеу (әдістемелік нұсқауларды іс-тәжірибе бағдарламасына енгізуге болады);

8.10.4 академиялық кезең басталғанға дейін іс-тәжірибенің күнтізбелік кестесін әзірлеу және бекіту.

8.10.5 БББ және іс-тәжірибе түрлері бөлінісінде бекіту және қорытынды конференцияларды өткізу кестесін әзірлеу (8-қосымша);

8.10.6 іс-тәжірибе базасы болып табылатын кәсіпорындарымен, мекемелерімен, ұйымдармен келісім-шарт жасасу және оларды жоғарыда белгіленген рәсімге сәйкес тіркеу.

Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру жөніндегі бөлімге белгіленген нысанға сәйкес базалық шартқа қосымшаны тіркеуге ұсыну (ШҚУ Е Ф 010-22-02 қосымшасы);


8.10.7 іс-тәжірибе басталғанға дейін білім алушылар тобына қызметтік жазбаны жасау;

8.10.8 өтетін орны, мерзімі, университет кафедрасынан іс-тәжірибе жетекшілері, білім алушылардың есептерін қорғауға арналған комиссия құрамы көрсетілген бұйрық жобасын іс-тәжірибе басталғанға дейін **1 ай бұрын** оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімімен келісу;

8.10.9 өтетін орны, мерзімі, университеттен іс-тәжірибе жетекшілері, білім алушылардың есептерін қорғауға арналған комиссия құрамы көрсетілген бұйрық шығару – іс-тәжірибе басталғанға дейін;

8.12 Кафедра отырысы хаттамаларының үзінділері және растайтын құжаттардың көшірмелері қажет болған жағдайда студенттерді іс-тәжірибеге жіберу туралы бұйрықтарды рәсімдеу кезеңінде оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру жөніндегі бөлімге ұсынылады.

8.13 Іс-тәжірибе басталғанға дейін **10 күн бұрын** іс-тәжірибе жетекшісі бекіту конференциясын өткізеді, онда ол білім алушыларды іс-тәжірибе

	<b>«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан университеті» КЕ АҚ</b>		<b>Бірінші тексеру мерзімі 2025 г.</b>
	<b>Кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру, өткізу және іс-тәжірибе өткізу базасы ретінде мекемелерді анықтау ережесі</b>	<b>ШҚУ Е 010-22</b>	<b>49 беттің 15-сі</b>

бағдарламасымен, іс-тәжірибеден өту тәртібі мен талаптарымен, іс-тәжірибені оқу-әдістемелік сүйемелдеумен, іс-тәжірибені өткізу барысындағы бақылау іс-шараларымен, есеп беру құжаттамасына қойылатын талаптармен, білім алушылардың міндеттері мен құқықтарымен, іс-тәжірибе кезеңіндегі ТҚ жөніндегі қағидалармен таныстырады.

Төтенше жағдай/шектеу шаралары жағдайында іс-тәжірибе бойынша бекіту конференция бейнеконференцияларды (Zoom және т.б.) өткізуге арналған сервистерді қолдана отырып, конференция өткізу кестесіне сәйкес өткізіледі.

8.14 Бекіту конференциясында білім алушылар:

- іс-тәжірибеден өту бағдарламасымен;
- іс-тәжірибеге жолдамасымен (7-қосымша);
- іс-тәжірибе бойынша күнделік-есеп нысанымен (9-қосымша);
- іс-тәжірибе бойынша әдістемелік нұсқаулармен (шығарушы және басқарушы кафедралардан);

- кәсіби іс-тәжірибе бағдарламасында қарастырылған қажетті оқу жабдықтарымен қамтамасыз етіледі.

8.15 Қажет болған жағдайларда іс-тәжірибе жетекшілері іс-тәжірибеге жіберілетін білім алушыларына медициналық тексеруді ұйымдастырады.

8.16 Кафедра мәжілістерінде іс-тәжірибе барысына және іс-тәжірибе қорытындысына мониторинг жүргізуге, өткізуге дайындыққа қатысты мәселелер қаралады және талданады. Тәжірибе қорытындысы Жоғары мектеп кеңесінде қаралады.

## **9 Требования к практикантам**

9.1 Білім алушылар кәсіби іс-тәжірибеден академиялық күнтізбеге сәйкес өтеді. Іс-тәжірибеден жеке кесте бойынша өтуге рұқсат етіледі (академиялық қарыз жойылған, қайта қабылдау немесе басқа ЖОО-дан ауысу кезіндегі айырмашылық және т.б. жағдайда, университетте белгіленген рәсімге сәйкес).


9.2 Іс-тәжірибе басталғанға дейін білім алушы:

9.2.1 Тиісті кафедрадан:

- тәжірибе бағдарламасын;
- жеке тапсырмаларды;
- іс-тәжірибеге жолдауды (7-қосымша);
- іс-тәжірибе бойынша күнделік-есеп нысанын (9-қосымша);
- іс-тәжірибе өту үдерісі бойынша ұсыныстар мен кеңестер алуға;
- іс-тәжірибеден өту кезеңінде міндеттермен және құқықтармен танысуға;

- ҚТ бойынша нұсқаулықтан өтуге тиіс.

9.2.2 Зерделеуге:

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Бірінші тексеру мерзімі 2025 г.
	Кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру, өткізу және іс-тәжірибе өткізу базасы ретінде мекемелерді анықтау ережесі	ШҚУ Е 010-22	49 беттің 16-сі

- тәжірибе бағдарламасын;
- практикантқа қойылатын талаптарды;
- іс-тәжірибе бейіні бойынша оқу-әдістемелік, ақпараттық және нормативтік әдебиеттерді;

- дипломдық жұмыс (дипломдық жұмысты жазу кезінде) немесе ғылыми-зерттеу жұмысы тақырыбы бойынша тапсырмаларды орындауы тиіс.

9.2.3 Тәжірибе базаларымен жасалған келісім-шарттарда анықталған міндеттер мен құқықтармен танысу.

9.4 Білім алушылар осы Ережеде және жасалған келісім-шарттарда белгіленген тәртіпке сәйкес, іс-тәжірибеден өтуге міндетті.

9.5 Іс-тәжірибеден өту барысында білім алушы:

- іс-тәжірибе бағдарламасында қарастырылған тапсырмаларды толық орындауға;

- күнделікті күнделік - есепті, онда өз бақылауларының нәтижелерін жазып, орындалған жұмысына талдау жасауға;

- кәсіпорын/мекеме қызметкерлері үшін міндетті кәсіби іс-тәжірибе орнында еңбек тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін, қауіпсіздік техникасын сақтауға;

- іс-тәжірибе жетекшісінің тапсырмасы бойынша зерттеу, шығармашылық, кәсіби бағдар жұмысына қатысуға;

- іс-тәжірибе нәтижелері бойынша құжаттаманы іс-тәжірибе жетекшісіне: іс-тәжірибе аяқталғаннан кейін 3-5 күн ішінде кафедра мен кәсіпорын/мекеме жетекшілері қолымен, сондай-ақ, іс-тәжірибе базасы мөрімен расталған күнделік-есеп ұсынуға міндетті.

9.6 Білім алушылардың күнделік - есебі олардың оқыту тілінде рәсімделеді.

9.7 Іс-тәжірибе қорытындылары бойынша есептік құжаттама кафедраларда 1 жыл сақталады.

Шектеу шаралары/төтенше жағдайында қашықтықтан оқытуға көшу кезінде, іс-тәжірибе аяқталғаннан кейін білім алушы кафедра жетекшісіне бағалау рәсімін ұйымдастыру үшін электрондық түрде құжаттарды ұсынуы тиіс.

9.8 Іс-тәжірибе қорытындысы бойынша білім алушы «Білім алушыларды іс-тәжірибеге жіберу туралы» басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен құрылған комиссия алдындағы конференцияда күнделік-есепті қорғауы тиіс.


9.9 Білім алушылардың:

- практика бағдарламасында көзделмеген жұмыстарға қатыспауға;;

- іс-тәжірибе базаларында Бос орындар болған жағдайда ББ бейіні бойынша жұмысқа орналасу;

- білім беру мекемесінен тағайындалған басшының келісімі бойынша қажетті оқу жабдықтарын, аспаптарын және басқа да материалдарды пайдалануға;



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Бірінші тексеру мерзімі 2025 г.
	Кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру, өткізу және іс-тәжірибе өткізу базасы ретінде мекемелерді анықтау ережесі	ШҚУ Е 010-22	49 беттің 17-сі

- оқу мақсатында кітапхана және оқу залдары базасында, зертханалық базада, компьютерлік басқа техникада оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттер қорына еркін қол жеткізу;

- кәсіби іс-тәжірибеден өту барысында денсаулыққа келтірілген зиянды өтеуге құқығы бар.

## 10 Іс-тәжірибені басқару және бақылау

10.1 Кәсіби іс-тәжірибеге жетекшілікті (Ереженің 8.10.1-тармағының талаптарына сәйкес), кәсіптің ерекшелігін және іс-тәжірибе базаларының қызметін жақсы білетін оқытушылар мен білім беру ұйымдарының қызметкерлері жүзеге асырады.

Дипломалды іс-тәжірибені дипломдық жұмыстың ғылыми жетекшілері жүзеге асырады.

### 10.2 Руководитель практики от кафедры:

- білім алушылардың қызметіне мониторинг жүргізу мақсатында кәсіпорынға барады;

- білім алушы-практиканттардың қызметін талқылауға және талдауға қатысады;

- іс-тәжірибе базасында білім алушылардың қолайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша міндетті нұсқамалар жүргізуге, практиканттардың ішкі еңбек тәртібі ережелерін орындауына бақылауды жүзеге асырады;

- білім алушылардың іс-тәжірибе бағдарламасын орындауын бақылауды жүзеге асырады;

- іс-тәжірибе бойынша күнделік-есептің сапалы жүргізілуін және білім алушылардың есеп құрастыруын бақылауды жүзеге асырады;


- кәсіпорын өкілдерімен бірлесіп, стандартты емес жағдайлар туындаған кезде (төтенше жағдай, қашықтықтан оқытуға көшу және т. б.) білім алушы-практиканттардың қызметін уақтылы түзетеді;

- білім алушылардың іс-тәжірибе бойынша күнделік-есептерін тексереді және оларды қорытынды конференцияда қорғауды ұйымдастырады;

- кәсіби іс-тәжірибе бойынша есептік құжаттама пакетін қалыптастыруды қамтамасыз етеді;

- кафедра меңгерушісіне іс-тәжірибе қорытындысы бойынша білім алушылардың күнделік-есептерін тапсырады;

- кафедра отырыстарында кәсіби іс-тәжірибенің қорытындысы бойынша есеп береді, жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныстар береді.

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Бірінші тексеру мерзімі 2025 г.
	Кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру, өткізу және іс-тәжірибе өткізу базасы ретінде мекемелерді анықтау ережесі	ШҚУ Е 010-22	49 беттің 18-сі

Шектеу шаралары/төтенше жағдай кезінде қашықтықтан оқыту кезінде іс-тәжірибе аяқталғаннан кейін кафедра жетекшісі:

- білім алушылардың күнделік-есептерін электронды түрде қабылдайды және оларды Google Forms сервисін қолдану арқылы бағалау рәсімін ұйымдастырады;

- Басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен құрылған комиссия мүшелерінің, академиялық топтың білім алушыларының, университеттің және іс-тәжірибе базасының жетекшілерінің қатысуымен онлайн-конференция режимінде алынған нәтижелерді талқылау және бағалауды жүргізеді.

10.3 Іс-тәжірибе базасында білім алушылардың іс-тәжірибесіне басшылықты кәсіпорыннан, мекемеден, ұйымнан – іс-тәжірибе базасынан тағайындалған жетекші жүзеге асырады.

10.3.1 Іс-тәжірибе базасынан іс-тәжірибе жетекшісі:

- білім алушыларды жұмыс орындарына бөледі;
- қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулық өткізеді;

- іс-тәжірибе бағдарламасының орындалуына жетекшілік жасайды және бақылайды;

- білім алушылармен бірге іс-тәжірибеден өту кезеңінде қызмет түрлерін жоспарлайды;

- практиканттарға іс-тәжірибені өткізудің барлық кезеңдерінде әдістемелік көмек көрсетеді;

- іс-тәжірибе бағдарламасына сәйкес жұмысты ұйымдастыру мәселелері бойынша білім алушыларға кеңес береді;


- тәжірибе бойынша білім алушылардың күнделік-есептерін апта сайын тексереді, ұсыныстар береді, жұмыс қорытындыларын мақұлдайды;

- іс-тәжірибе қорытындысы бойынша білім алушылардың қызметі туралы мінездеме жазады.

10.3.2 Іс-тәжірибе қорытындылары бойынша кәсіпорыннан, мекемеден, ұйымнан жетекшісі практиканттың жұмысын бағалайды, күнделік-есепке білім алушының қызметі туралы мінездемені, өзінің ескертулерін, ұсынымдарын енгізеді және халықаралық тәжірибедегі қабылданған цифрлық эквиваленті бар әріптік жүйеге сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша (оң бағалар, кему шамасына қарай, «А»-дан «D» - ға дейін және «қанағаттанарлықсыз» – «FX», «F») баға қояды.

## 11 Кәсіби іс-тәжірибесін қорытындылау және нәтижелерді өңдеу

11.1 Іс-тәжірибе нәтижелерін білім алушылар күнделік-есеп нысанында рәсімдейді (приложение 9).

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Бірінші тексеру мерзімі 2025 г.
	Кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру, өткізу және іс-тәжірибе өткізу базасы ретінде мекемелерді анықтау ережесі	ШҚУ Е 010-22	49 беттің 19-сі

11.2 Білім алушының іс-тәжірибесі бойынша күнделік-есеп келесі бөлімдерден тұрады (10-қосымша):

- титулдық бет;
- жеке жоспар-кесте;
- іс-тәжірибеге жолдаманың түбіртегі (7-қосымша);
- күнделік-есеп: нақты фактілерді, іс-шаралардың атауларын, тартылған қатысушыларды, пайдаланылған технологиялар мен әдістерді, талдауды және т. б. көрсете отырып, іс-тәжірибе кезеңінде жоспарланған жұмыстардың барлық түрлері мен формаларының мазмұны. Күнделік іс-тәжірибенің әр күні туралы ақпаратты көрсетуі керек. Күнделіктегі жазба күн сайын білім беру мекемесі басшысының қолымен расталады;

*қысқаша аналитикалық есеп-3-5 бет:*

- іс-тәжірибе базасы туралы жалпы мәліметтер; іс-тәжірибе базасында жұмысты ұйымдастыру туралы мәліметтер; жұмыстың пайдаланылған әдістері (технологиялары), орындалған жұмыс, оның ішінде ғылыми-зерттеу жұмысы туралы мәліметтер. Есеп іс-тәжірибе базасының тек нысанын, құрылымын, қызмет түрлерін сипаттауды көрсетпеуі тиіс;

- жеке тапсырманың орындалғанын растайтын қысқаша мәліметтер;
- қорытынды: жұмыс туралы қысқаша тұжырымдар, ұсыныстар мен ұсыныстар;
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі;
- қосымшалар (кафедраның іс-тәжірибе жетекшісінің талаптарына сәйкес).

Іс-тәжірибе нәтижелері бойынша күнделік-есеп кафедра жетекшісіне баспа түрінде ұсынылуы, қол қойылуы және іс-тәжірибе базасының мөрімен куәландырылуы тиіс.


Білім алушыларға (кафедраның талабы бойынша) кафедраға іс-тәжірибе басталғанға дейін 1 айдан кешіктірмей іс-тәжірибеге жеке келісім-шарт түпнұсқасының бір данасы беріледі. Тіркеу рәсімінен кейін іс-тәжірибеге арналған жеке шарттардың түпнұсқалары кафедраның тиісті ісінде сақталады.

11.3 Іс-тәжірибе қорытындылары бойынша іс-тәжірибе базасынан жетекшісі практиканттың жұмысын бағалайды, күнделік-есепке практиканттың қызметі туралы қысқаша сипаттама, өзінің ескертулерін, ұсынымдарын енгізеді және баға қояды.

11.4 Күнделік-есеп Ережемен бекітілген нысанға сәйкес барлық жағынан 2 см А4 форматындағы парақтарда, Times New Roman, бір аралық өрістер 14 пт шрифтімен рәсімделеді.

11.5 Күнделік-есепті рәсімдеу үшін білім алушыларға қосымша 3 күннен 5 күнге дейін беріледі. Білім алушылардың талаптарға сәйкес келетін жұмыстарын кафедраның іс-тәжірибе жетекшісі қорғауға жібереді.

Күнделік-есеп, егер іс-тәжірибе бағдарламасын толық ашпаса, білім

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Бірінші тексеру мерзімі 2025 г.
	Кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру, өткізу және іс-тәжірибе өткізу базасы ретінде мекемелерді анықтау ережесі	ШҚУ Е 010-22	49 беттің 20-сі

алушыға пысықтауға қайтарылады.

11.6 Іс-тәжірибе бойынша күнделік-есептерді қорғау Ереженің 9.8-тармағына сәйкес іс-тәжірибе аяқталғаннан кейін **10 күннен** кешіктірілмей жүргізіледі.

Төтенше жағдай/ шектеу шаралары жағдайында қашықтықтан оқыту кезінде есептерді қорғау басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен құрылған комиссия алдындағы онлайн-конференцияда өткізіледі.

Конференция материалдары хаттамамен рәсімделеді (10-қосымша).

11.7 Күнделік-есепті қорғау нәтижелері халықаралық практикада қабылданған сандық эквиваленті бар әріптік жүйеге сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша балмен бағаланады (оң бағалар, кемуіне қарай, «А» - дан «D» – ге дейін және «қанағаттанарлықсыз» - «FX», «F»).

Қорытынды баға орта арифметикалық сан ретінде қойылады, ол кәсіпорын/мекеме іс-тәжірибе жетекшісінің, университет кафедраларынан іс-тәжірибе жетекшісінің және басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен тағайындалған комиссия мүшелерінің бағаларынан қалыптастырылады.

Қашықтықтан оқыту/шектеу шаралары кезіндегі төтенше жағдай кезінде, егер білім алушы іс-тәжірибе аяқталғаннан кейін техникалық немесе өзге де себептер бойынша кәсіби іс-тәжірибе бойынша есептерді қорытынды қорғауға қатыса алмаса немесе университетте көзделген құжаттарды уақтылы толық көлемде бере алмаса, іс-тәжірибе жетекшісі (жетекшілері) «I» (Incomplete) – «Аяқталған жоқ» деген баға қояды, егер білім алушы жазғы семестрдің соңына дейін академиялық қарызын жоймаса, ол автоматты түрде «F» бағасына ауысады.

11.8 Білім алушылардың іс-тәжірибеден өту нәтижелерін бағалау теориялық оқыту бойынша бағаларға теңестіріледі, стипендия тағайындау туралы мәселені қарау кезінде және жалпы GPA есептеу және оны келесі оқу жылына ауыстыру кезінде ескеріледі және іс-тәжірибе ведомосына енгізіледі.


11.9 Іс-тәжірибе нәтижелерін теріс бағалау кезінде комиссия сәйкессіздік тудырған себептерді талдайды. Бұл ретте комиссия келесіні ескереді:

- міндетті есеп беру құжаттарының болмауы;
- білім алушының іс-тәжірибеге кері көзқарасы;
- іс-тәжірибеден өту орнында тәртіпті бұзу фактілері.

11.10 Іс-тәжірибеден өтпеген, іс-тәжірибе бағдарламаларын орындамаған, жұмыс туралы теріс пікір алған немесе есепті қорғау кезінде қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушылар теориялық оқытумен қатар келесі академиялық кезеңде іс-тәжірибеден қайта өтуге жіберіледі.

Іс-тәжірибеден қайта өту тиісті кафедра шығаратын басқарма төрағасы-ректордың бұйрығы негізінде, кафедрамен Жоғары мектеп деканаты бірлесіп белгілеген жеке кесте бойынша жүзеге асырылады.

11.11 Іс-тәжірибеден қайта өту мерзімдері мен шарттарын әрбір жеке

	<b>«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан университеті» КЕ АҚ</b>		<b>Бірінші тексеру мерзімі 2025 г.</b>
	<b>Кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру, өткізу және іс-тәжірибе өткізу базасы ретінде мекемелерді анықтау ережесі</b>	<b>ШҚУ Е 010-22</b>	<b>49 беттің 21-сі</b>

жағдай үшін Жоғары мектеп деканы белгілейді.

11.12 Іс-тәжірибе жетекшілері кафедра отырысына білім алушылардың практикалық дайындығын жетілдіру бойынша ескертулер мен ұсыныстармен іс-тәжірибені өткізу туралы есептерді ұсынады (11-қосымша).

11.13 Іс-тәжірибе нәтижелері кафедралар мен ЖМ кеңестерінде іс-тәжірибе базаларының өкілдерін шақырумен талқыланады.

11.14 Жетілдіру бойынша қабылданған шешімдер оларды ұйымның және іс-тәжірибеден өтудің кейінгі жоспарларына енгізу арқылы жүзеге асырылады. Қабылданған шешімдердің орындалуына кафедра меңгерушілері жауапты болады.

## **12 Кәсіби іс-тәжірибе базасын айқындау және практиканттарды бөлу тәртібі**

12.1 Кәсіби іс-тәжірибенің әрбір түрінің тиісті іс-тәжірибе базасында іс-тәжірибеден өту процесінде іске асырылатын мақсаттары, міндеттері мен бағдарламалары бар.

12.2 Жарғылық қызметі кадрларды даярлау бейініне және білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес келетін, іс-тәжірибеге жетекшілікті жүзеге асыру үшін білікті кадрлары және қазіргі замануи материалдық-техникалық базасы бар ұйымдар кәсіби іс-тәжірибе базалары болып табылады.


12.3 Іс-тәжірибе базасы ретінде, дуальды оқыту элементтерімен студенттерді практикалық даярлау ұйымдастырылған, университет кафедраларының филиалдары қызмет ететін мекемелер мен ұйымдарыда қарастырылады.

12.4 Кәсіби іс-тәжірибе базасын анықтау кезінде:

- іс-тәжірибе базасы қызметінің білім беру бағдарламасының бейіні мен мазмұнына сәйкестігі;
- білім алушыларды іс-тәжірибе базасымен және білікті жетекшілікті қамтамасыз ету;
- БББ бейіні бойынша қазіргі замануи оқу-әдістемелік жабдықтармен қамтамасыз етілуі және қазіргі замануи озық технологияларды қолдану.

12.5 Кәсіби іс-тәжірибе базасы ретінде айқындалған кәсіпорынмен/ұйыммен студентті оқытудың барлық кезеңіне кәсіби іс-тәжірибені өткізу туралы екі жақты шарт (3-5 жылға арналған екі жақты базалық шарт) жасалады.

Іс-тәжірибе басталғанға дейін кафедралар іс-тәжірибе өткізуге базалық шарт болған жағдайда оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөліміне тіркеу үшін шартқа қосымша – білім алушыларды шарттың талаптарымен, құқықтарымен және міндеттерімен таныстыру парағы (шартқа қосымша Ф Е ШҚУ 010-22-02) ұсынылады. Қалған жағдайларда кафедралар іс-тәжірибені

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Бірінші тексеру мерзімі 2025 г.
	Кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру, өткізу және іс-тәжірибе өткізу базасы ретінде мекемелерді анықтау ережесі	ШҚУ Е 010-22	49 беттің 22-сі

өткізуге қысқа мерзімді үшжақты келісім-шарттар жасайды (3 қосымша).

12.6 Білім алушылардың кәсіби іс-тәжірибе базаларымен келісім - шарт іс-тәжірибе басталғанға дейін **бір айдан** кешіктірілмей жасалады.

12.7 Білім алушыларды кәсіби іс-тәжірибедең өту орындары бойынша бөлу өтпелі сипатта болуы мүмкін.

### 13 Өзгерістер

